



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯҒА ҚҰРМЕТ - СОТ ПЕН ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ



Біздің қоғамда сот саласының атқарып отырған қызметі мен қоғамдағы алар орнының маңызы айрықша. Заңы өрге баспаған елдің даму үрдісіне ілесе алмасы іс жүзінде әлдеқашан дәлелденген. Әсіресе, тәуелсіз ел атанып, өз алдымызға мемлекет ретінде шаңырақ көтергеннен бері, қоғамда заңның үстемдік құруы, ел бірлігі мен ынтымағын сақтаудағы ролі зор. Осы орайда, алдыңғы буын ардагерлеріміздің елдік мұрат-мүдде жолында атқарған істері қомақты.

(Жалғасы 2-бетте)

ТҮЛҒА

ҒЫЛЫМИ САНАНЫ ЖАҢАША СӨЙЛЕТКЕН ҒАЛЫМ

Қазақстандық гуманитарлық ғылым өзінің даму тарихында жаңа көзгемен бетпе-бет келуде, қазақ елі өз тәжірибесін төл мәдениеті және бүкіл жаһандану үдерісі контексті тұрғысынан қарастыру дәуірінде тұрғанын баса назарда ұстауда. Қоғам дамуының келешегін анықтау мақсатында оны ұлттық мүддеге жүгіндіре отырып, ұлттық ерекшеліктермен көмкерілген мәселелердің астарын ашу міндеттері күн тәртібіне қойылғанын ғалымдарымыз анық сезінеді. Қазақстанды таза Шығыстық немесе таза Батыстық классизммен қарастыруға келмейді дейтін тұжырым жасалды. Сондықтан қазақстандық рухани-мәдени тарихты Еуразияның ұлы даласында қалыптасқан арғы дәуірден, бергі замандағы Ұлы түрік пен Алтын Орда өркениетінің заңды мұрагері ретінде қарастыру бағытындағы ғалымдар легі қалыптасты. Солардың бірі – философия ғылымдарының докторы, профессор марқұм Сағади Байұзақұлы болды.

Өнегелі өмір

Бөлекбаев Сағади Байұзақұлы 1946 жылы Талдықорған облысы, Гвардия ауданы, Буденный ауылында дүниеге келген. 1973 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетін бітірген. 1982 жылы философия тарихы мамандығы бойынша кандидаттық, ал 1998 жылы әлеуметтік философия мамандығы бойынша докторлық диссертацияны ойдағыдай қорғады. 2007 жылдан бастап Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде кафедра меңгерушісі, ректордың ғылым жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Одан кейін сол аталмыш кафедраның профессоры ретінде магистранттар мен докторанттарға дәріс оқыды. Бірнеше жыл бойы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Мемлекеттік аттестация комиссиясының төрағасы қызметін атқарды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы диссертациялық кеңес мүшесі ретінде 10 жылдан астам қызмет жасап, философия, мәдениеттану, дінтану саласы



бойынша жас ғалымдарды дайындауға бір кісідей атсалысты. Одан кейінгі жылдары жаңа форматтағы философия PhD кеңесінің ресми мүшесі болды.

(Жалғасы 5-бетте)

БАСҚОСУ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумы өтті. Оған Қазақстанның барлық өңірлерінен келген мәслихат депутаттары, мемлекеттік орган өкілдері мен сарапшылар қауымдастығы қатысты.

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ



«Аймақтар өз бюджетін мұқият жоспарлап, табысын арттыруға баса мән беруге тиіс. Біз жергілікті биліктің әлеуетін және аймақтардың қаржылық дербестігін біртіндеп күшейтіп жатырмыз. Былтыр ауылдық округтердің бюджеті 442 миллиард теңгеден асты. Бұл қаражаттың үштен бірі – елді мекендердің өз табысы. Оның үстіне, еліміздегі ауылдық округтердің орташа бюджеті 190 миллион теңгеге жетті. Бұл – едәуір жақсы көрсеткіш. Биылдан бастап ауылдық округтер қосымша табыс көзіне ие болмақ. Менің тапсырмама сәйкес қазір Үкімет заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығының бір бөлігін төртінші деңгейдегі бюджеттерге беру мәселесін пысықтап жатыр. Сондай-ақ аймақтарға жекелеген қызмет түрімен айналысуға арналған лицензиялық алымнан, экологиялық айыппұлдардан түсетін қаражат та берілуі мүмкін. Бұл – өте дұрыс

ұстаным. Түскен табыс, ең алдымен, сол аймақты дамытуға жұмсалыуы керек. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті жерде қордаланған мәселелерді шешу үшін мүмкіндік те, ресурс та арта түспек», – деді онда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мәслихаттардың өкілеттігін одан әрі кеңейтіп, нақтылай түсу қажеттігін көтеріп, олардың жергілікті билік жүйесіндегі ролін күшейту туралы да айтты. Сондай-ақ мәслихат депутаттарының халық пен билік арасындағы көпір болып, тұрғындардың мәселесін шешуге көмектесуге құзыреті барын еске салды.

Қазақстанда қазір жалпы 3300-дей мәслихат депутаты бар. Олардың алғашқы форумы 2023 жылы, ал екіншісі 2024 жылы өткен болатын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

3-БЕТ



Көпвекторлы саясат:
Қазақстан
дамуындағы негізгі
фактор

6-БЕТ



Балалар контенті:
қауіпсіз орта
қауіпті ақпараттан
қорғайды

8-БЕТ



Ең жақсы дәрі –
ОПТИМИЗМ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯҒА ҚҰРМЕТ - СОТ ПЕН ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біздің ардагер заңгерлеріміз, өзгесін айтпағанда, үлкен бір қоғамдық дәуірдің аяқталып, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген сынағы мол сындарлы кезеңдер аралығында ел заңдарының жаңа заман талабына сай қалыптасуы жолында белсенді қызмет етті. Қоғамдық формациялар ауысқан аралық кезең, әсіресе елдің заң мүддесін мойнымен көтерген алдыңғы буынға айрықша жауапкершілік жүктегені белгілі. Өткен қоғамның кандай міні мен сыны, кемшілігі болды, соны ардагер заңгерлеріміз алақанға салғандай айқын сезіне білді, ол да қорыта білгенге өмір сабағы, әсіресе, жас буынға өткен саяси кезеңнің қателіктері мен кемшіліктерін түсіндіру – ардагер заңгерлеріміздің мойнына үлкен жауапкершілік жүктегені түсінікті. Әділдік пен заң үстемдігін ту еткен тұлғалар ғұмыры – мемлекет тұғырының ажырама бөлігі екендігін қоғам бағалай біледі және құрметтейді. Сондықтан ардагер судьялардың абырой-беделін ел дамуының биік белестерімен қатар қою орынды.

Осы ретте, 8 наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Қазақстанның сот жүйесінде өзіндік өшпес қолтаңбасын қалдырған білікті заңгер, ардагер судья, сот саласының елімізде өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Қазақстанның құрметті азаматы, біздің қадірлі апамыз, өнеге тұтқан тағылымы зор тәлімгеріміз Тияшты Сәлкенқызы Тоғымбетованың «Парасат» орденін алуы – жалпы сот саласына деген құрмет деп бағалаймыз.

Бұл Тияшты Сәлкенқызының ғана қуанышы емес, барша сот қауымы үшін үлкен мерейлі мәртебе әрі мақтаныш тұтарлық марапат. Сонымен бірге, бұл марапат мемлекет пен қоғам алдындағы ұзақ жылдарғы адал еңбектің, шыңдалып, кемеліне жеткен кәсіби шеберліктің мемлекетіміз тарапынан ілтипатқа иілініп, өзінің лайықты бағасын иеленуі деп ұғамыз. Аталған марапат – ел үшін, елінің заңы мен сотының нағыз халықтық мүддеге айналуы жолында еселі еңбек етіп, жақырлы үлесін қосқан ардагер судьямыздың биік тұғырының айқын көрсеткіші деп санауға толық қақымыз бар. Сондай-ақ,



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫ

бұл – кешегі дана билеріміздің бүгінгі күндегі заңды жалғасындай, елімізде әділдік пен тәртіпті қалыптастыруға ықпал етуші, сонынан ерген ұрпаққа жол көрсетіп, жөн сілтеуші ардагер заңгерлеріміздің қадірлі орны ешқашан төмендемейтіндігінің дәлелі болмақ.

Тияшты Сәлкенқызы тәуелсіз еліміздің алғашқы жылдарының өзінде мемлекет тарапынан марапатсыз қалған жоқ. 2001 жылы «Құрмет» орденімен марапатталуы, сот саласынан өзге де көптеген төсбелгілерін иеленуі – Тияшты Сәлкенқызының заң саласындағы қажырлы да табысты, жемісті еңбегінің ешқашан үкімет пен сот билігі тарапынан елеусіз қалмағанын аңғартады. Міне, сол игілікті дәстүр судьяларға деген құрмет пен сенім бүгінгі күні де жалғасып келе жатқанына өте қуаныштымыз.

Осы орайда, тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа судьялар қауымдастығы атынан, елімізде заңның үстемдік құруына сүбелі үлесін қосқан ардагерлерімізге көңіл бөліп, ел үшін сіңірген еңбегін биік бағалағаны үшін зор алғысымызды білдіргіміз келеді. Бұған қоса, сот ардагерлеріне жасап отырған құрметі мен ілтипаты үшін Жоғарғы Сот төрағасы Аманбек Мерғалиев мырзаға алғысымыз шексіз. Өмір бойы қатардағы қарапайым судья қызметін атқарған Тияшты Сәлкенқызы сияқты

8 наурыз - халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Қазақстанның сот жүйесінде өзіндік өшпес қолтаңбасын қалдырған білікті заңгер, ардагер судья, сот саласының елімізде өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Қазақстанның құрметті азаматы, біздің қадірлі апамыз, өнеге тұтқан тағылымы зор тәлімгеріміз Тияшты Сәлкенқызы Тоғымбетованың «Парасат» орденін алуы - жалпы сот саласына деген құрмет деп бағалаймыз.

ардагер апаларымызға жасалып отырған құрмет – бүкіл судьялар корпусының еңбегіне берілген аса зор баға.

Халықаралық мерекеде биік мәртебелі марапат иеленген сот ардагері Тияшты Сәлкенқызы – Павлодар облысының тумасы. Әрине, кімнің де болсын, азаматтық биік тұғырға көтерілуіне туған жер топырағында қалыптасқан биік ұлағаттың әсер-ықпалы болмауы мүмкін емес. Өзгесін айтпағанда, бұл өңірде Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұланды ғылым корифейлері бастаған талай академик ғұламалар өсіп шыққаны белгілі. Осындай қасиетті туған жерінің тәлімі мен ұлттық құндылықтарын бойына сіңіре отырып, саналы ғұмырын әділдік пен заңдылыққа, қоғам игілігіне қызмет етуге арнады.

Еңбек жолын 1964 жылы Павлодар облыстық сотында сот отырысының хатшылығынан бастаған ол, дәл сол сәтте бұл саланың өз тағдырына айналарын жақсы ұққандай. Сот жүйесіндегі ұзақ та мазмұнды әрі абыройлы қызметі – осыған дәлел. Кейінірек 1966–1973 жылдар аралығында Павлодар облыстық сотының аға кеңесшісі, 1973–1977 жылдары Павлодар қалалық сотының халық судьясы болып қызмет атқарды. Ал 1977–1979 жылдар ара-

зор күш-жігер беріп, олардың кәсіби жауапкершілігін арттыра түсері сөзсіз. Мұндай жоғары құрмет әділдік жолында еңбек етіп жүрген әрбір азаматтың қажырлы ісі ешқашан елеусіз қалмайтынын көрсетіп, әсіресе, жас буынды жігерлендіріп, жарқын болашаққа талпындырары айқын.

Қай қызметте болмасын, Т. Сәлкенқызы өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарады, заң нормаларын терең талдап, әділ әрі салмақты шешімдер қабылдай білуімен өз ортасына зор үлгі-өнеге көрсете білді. Осы тұрғыдан келгенде, Тияшты Сәлкенқызының тек тәжірибелі, білікті ардагер судья ғана емес, болашақ заңгерлер алдындағы тәлімгер-ұстаз ретіндегі рөлі мен ықпалын жоғары бағалаймыз. Ол заңгерлер ортасында құқықтық мәдениет қалыптастыруға, кәсіби құндылықтардың орнын айқындап, дәріптеуге айрықша үлес қосты. Оның өмір жолы – адал еңбек пен биік адамгершілік, сонымен бірге, кәсіби жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Бұл күндерде сексеннің сенгіріне көтерілген Тияшты Сәлкенқызының ғибратты ғұмыры – еліміздің сот жүйесінің зор мақтанышы. Оның саналы өмірінің әрбір кезеңі – ел тарихымен, оның ішінде, заң мен сот жүйесінің даму белестерімен сабақтас. Тәжірибелі ардагер заңгердің атқарған қызметі мен игі бастамалары елімізде құқықтық мәдениет пен әділ сот төрелігінің нығайтып, қалыптасуына берік негіз қалады.

Аса құрметті Тияшты Сәлкенқызы! Осынау мерейлі мерекеңізде еліміздің биік төребелі, деңгейі аса жоғары марапатын иеленген абыройлы асуыңызда, өзіңіздің әріптестеріңіз бен ардагер судьялар атынан шынайы жүрекжарды тілегімізді, ыстық ілтипатымызды жеткізуді борыш санадық.

Сіз саналы ғұмырыңызда кәсіби биіктіктің ғана емес, адами парасаттылық деңгейімен де жан-жағыңызға шуақ шашып, аға буынға лайық тағылымыңызды таныта алып келесіз. Сізді барша сот қауымы кең жүректі, адалдығы мен әділдігін тең ұстаған қазылығыңызды, жүріп өткен жолыңызды, өнегелі ісіңізді бағалап, құрметтейді. Бүгінгі марапат – соның бір жарқын көрінісі.

Сізге зор денсаулық, отбасылық бақыт тілей отырып, еліміздің заңына әлі де адал қызметін жалғастыра береді, әсіресе, біздің болашағымыз – жас заңгерлерге ақылшы апалық, тәлімгер-ұстаздық көрсетіп, бай тәжірибесімен бөлісіп отыратыныңызға зор сенім арқымыз келеді. Мәртебеңіз биіктей берсін!

Досжан ӘМІР,

ҚР Судьялар одағының төрағасы

РЕФЕРЕНДУМ

ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЛАУЫН ОРЫНДАҒАН ҚҰЖАТ

Конституция – елдегі барлық заңдардың бастауы. Оны Ата Заң дейтініміз де сондықтан. Міне, санаулы уақыттан кейін еліміздің азаматтары Конституцияға енгізілетін жаңа өзгерістерге қатысты өзінің дауысын береді. Бұл өзгерістер бүгін ғана жасалған жоқ. Конституцияда көрініс тапқан ұсыныстың бәрі қоғамда талай талқыланды, халық қажет өткен, қоғамның дамуына негіз қалайтын жаңашылықтар. Қазіргі кезде ел тұрғындары басты құжаттағы өзгерістерді қызу талқылап, өз пікірлерін ортаға салуда.

Жалпы соңғы кезде заңнаманы сараптауда халықтың өте белсенді екені байқалады. Бұл – оң үрдіс, дұрыс қадам. Конституциялық референдумға осыншама көп азаматтың үн қатуы халықтық құқықтық сауатының өскенін, елдегі саяси жағдайға көз жұма қарамайтындар қатарының артқанын көрсетеді. Әсіресе, заңдағы өзгерістерді өзге елдердің заңдарымен салыстыра отырып талдаған, оң мен терісін, кемшілігі мен артықшылығын көрсеткен азаматтардың пікірін халықтың алап пайдасы ұшан-теңіз. Мысалы құжат жобасы таныстырылған кезден бері қарапайым азаматтардан 10 мыңнан астам ұсыныс түскен екен. Соның нәтижесінде Ата Заңның барлық бөлімін қамтитын 77 бапқа өзгеріс енгізіліп, мәтіннің 84 пайызы жаңартылған. Азаматтардың жобаға қатысты ұсыныстары e-Open және eGov цифрлық платформалары арқылы қабылданып, айтылған ұсыныстар мемлекеттік басқару жүйесінің орнықтылығын нығайтуға, билік институттарының өкілеттіктері мен жа-

уапкершілігі арасындағы теңгерімді күшейтуге, сондай-ақ елдің стратегиялық басымдықтары ретінде адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға қатысты тетіктерді барынша жетілдіруге көмектескенін ерекше атап өткеніміз жөн.

Екіншіден, Конституция бойынша өткізілген отырған бұл референдум халықтың азаматтық позициясын нақтылауға көмектесті. Азаматтар мемлекетті дамыту бойынша қолға алынған реформаларды жүзеге асыруда өз көзқарасының, өз дауысының қаншалықты маңызды екенін түсінді. Осылайша, жалпыхалықтық референдум тікелей демократияның негізгі құралына айналады. Оның рәсімі шешімдердің орнықтылығы мен кең қолдауына бағытталған.

Шын мәнінде, жаңа Конституция жобасында көптеген оң өзгерістер қамтылған. Құжат қазіргі заман талаптарына, қоғам сұранысына, адам құқықтарының басымдығына және мемлекеттің стратегиялық даму мақсаттарына толық сай келеді. Мұнда мемлекеттің заңдық құрылысын

құқықтық жаңартуға барынша басымдық берілген. Конституциядағы өзгерістер мемлекеттің тұрақтылығына салынған ұзақмерзімді инвестиция. Бұл – болашақ дағдарыстардың алдын алуға, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға және мемлекеттік басқарудың жаңа архитектурасын қалыптастыруға жол ашады. Сонымен қатар жобада әділеттілік, заң мен тәртіп қағидаттары алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілгенін де айта кеткеніміз абзал. Көпшілікке таныстырылған Ата Заң жобасының преамбуласында бұл қағида негізгі басымдық ретінде айқындалған.

Жобада мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы екені нақтыланып, адам құндылығын мойындаудың тетіктері жан-жақты қамтамасыз етілген. Сот арқылы қорғану құқығы күшейтіліп, мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу міндеті мемлекетке толықтай жүктелген.

Жаңа Конституция жобасы мемлекеттің құқық қорғау әлеуетін күшейтеді. Жеке тұлға құқығына қол сұғылмайтынына кепілдік беріп, дербес деректерді қорғау тетіктері барынша кеңейтіліп отыр. Ата Заңды дайындауға ғана емес, Конституцияны қабылдауға да азаматтар дауысы басымдыққа ие. Ең бастысы, болашағымызға бағдар болар бұл құжаттың сауатты, сындарлы әзірленуіне баршамыз жауапты екенімізді қаперден шығармайық.

Серік ЖҰМАБЕКОВ,
Манғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

ПАЙЫМ

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢГЕН ЕЛДЕР БІЗГЕ ҮЛГІ

Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, ел дамуын тежейтін, азаматтардың ертенгі күнге деген сенімін төмендететін қауіпті кесел. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күрес әрбір мемлекеттің басты назарында тұр.

Әлем елдерінің даму үрдісіне қарап-ақ жемқорлықты ауыздықтаудың қаншалықты күрделі, қиын екенін аңғаруға болады. Бүгінде өркениетті қоғам құрып, дамуының шыңына шыққан озық елдер де жемқорлықты түбірімен жойды деп айта алмаймыз. Тіпті, парақорлық пен сыбайластық үшін ең жоғары жаза – өлім жазасын белгілеген Қытай да жемқорлықтан сақтандырылмаған. Көпшілік алдына жемқор шенеуніктерді алып шығып, ауыр жазаға тартылғанын ашық көрсететін Қытай тәжірибесі көпшілікке өте қатыгез көрінуі мүмкін. Алайда, жыл сайын өлім жазасына кесілген парақорлардың тыйылмауы сыбайлас жемқорлықты қатал жазаның да тия алмайтынын дәлелдейтіндей.

Ал жемқорлықты жеңген ел ретінде мойындалған Сингапур, Нидерланд, Швеция, Швейцария сияқты елдердің тәжірибесі мүлде бөлек. Бұл елдерде жазалауға емес, азаматтардың құқықтық санасын оятуға, мемлекеттік қызметті барынша ашық етіп, лауазымды тұлғалардың жауаптылығына сай жақалысын көтеруге көңіл бөлінген. Соның арқасында бұл елдерде жемқорлық толық жойылып кетпегенімен, алға басу, мемлекеттік қызметте ашықтық пен теңдей қолжетімділік қалыптасқан.

Қазақстан да жемқорлықсыз қоғам



Ғалым БОЛАТУЛЫ,
Алматы қаласы Әділет департаменті, мемлекеттік кірістердің сомаларын өндіру бойынша аймақтық бөлімінің басшысы

құруға мүдделі. ТМД мемлекеттері ішінде алғаш рет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заңды қабылдаған еліміз мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіріп, адами факторды азайтуға тырысып келеді. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлердің мәртебесін арттыру, айлығын көтеру, әлеуметтік кепілдіктерін жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Пара үшін мәртебелі қызметінен ажырап қалатынын түсініп азаматтар саналы түрде жемқорлықтан бас тартуы керек. Бұдан бөлек жемқорлық фактілері туралы ақпарат бергендерді ынталандыру, жемқорлығы үшін жазасын өтеп жатқан мемлекеттік қызметкерлер қателігін жиі қаперге салу да кеселдің алдын алуға көмектеседі. Ең бастысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет санада орныққаны жөн.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

КӨПВЕКТОРЛЫ САЯСАТ: ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ФАКТОР



және мұнай өнімдеріне тиесілі. Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен сауда Ресейдің үлесі әлі де жоғары, яғни 88-90 пайызға тең. 2025 жылғы қантар-ақпан және қантар-маусым бойынша да экспорт көлемінің төмендеуі байқалды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның сыртқы сауда айналымы \$141,4 млрд болып және сауда балансы \$21,8 млрд-қа өсіпті. Бұл өсім экспортының 10,7%-ға ұлғаяймын қамтамасыз етілді.

2019–2024 жылдар арасында Қазақстанның шетелден тартқан инвестициясы \$130 млрд-қа жуықтапты. Оның \$72,7 млрд-ы өңдеу өнеркәсібіне бағытталған. Ел үкіметі 2024 жылы қабылданған Инвестициялық саясат тұжырымдамасы бойынша 2029 жылға дейін кемінде 150 млрд АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестиция тартуды жоспарлап отыр. Бұл инвестициялық ахуалды цифрландыру мен әкімшілік кедергілерді төмендету арқылы жүзеге асырылмақ.

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында Қазақстан мұнай өндірісін 11,6%-ға арттырды және экспорт көлемін теулігіне 1,64 млн баррельге дейін жеткізді. Еліміздің ОПЕС+ құрамында қалып, квота саясатында теңгерімді сақтауы геосаяси тепе-теңдік пен энергетикалық стратегияның дұрыстығын көрсетеді. Бүгінде Баку–Тбилиси–Джейхан секілді альтернативті маршруттарды дамыту арқылы энергетикалық тасымалдауды Ресей бағытына шектен тыс тәуелділіктен азайтуға ұмтылыс жасалып жатыр. Бұл стратегиялық бастама транзиттік әлеуетті арттыруға және логистикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған

Сарапшылардың айтуынша, 2024 жылы тікелей инвестиция қысқарды. Мұның негізгі себептерінің бірі – кейбір ірі жобалардың аяқталуы және жаңа жобаларға альтернативті маршруттарды құбылыс, жалпы, Қазақстанның инвестициялық ахуалы ұзақ мерзімде тұрақты болмақ.


Қазақстанның сыртқы саясаттағы экономикалық көрсеткіштерге нақты әсер ететін стратегиялық бағыттары – экспортты әртарапандыру, инвестиция тартудың жаңа механизмдерін енгізу және өңдеу секторын күшейту. Сонымен қатар геосаяси тепе-теңдік арқылы стратегиялық серіктестік пен халықаралық байланыс орнату. Демек, Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясатты экономикалық негізбен үйлестіруді жалғастырып келеді. Бұл оның халықаралық аренадағы позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

А. ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қоғам дамыған сайын әйелдердің ролі де өзгеріп келеді. Бүгінде әйелдер тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар ел экономикасының түрлі саласында еңбек етіп, қоғамның дамуына өз үлесін қосып жүр. Қазақстанда да әйелдердің еңбек нарығындағы белсенділігі жылдан жылға артып келеді. Олар білім беру, медицина, сауда, қызмет көрсету, кәсіпкерлік және мемлекеттік қызмет сияқты көптеген салада табысты еңбек етуде.

ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ



ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, биыл жұмыспен қамтылғандар саны 9,3 миллион адамды құрады. Соның ішінде әйелдердің үлесі 48 пайызға жуық. Бұл әйелдердің ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар сарапшылардың мәліметінше, Қазақстанда әйелдердің экономикалық белсенділік деңгейі 65-66 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш әйелдердің еңбек нарығына белсенді қатысып отырғанын аңғартады. Әйелдер тек дәстүрлі салаларда ғана емес, соңғы жылдары бұрын ер адамдар басым болған кәсіптерге де батыл араласа бастады.

Қазақ қоғамында әйелдің орны әрқашан ерекше болған. Тарихқа көз жүгіртсек, әйелдер тек отбасының берекесін сақтаушы ғана емес, қоғам өміріне белсенді араласқан тұлғалар ретінде де белгілі. Ана, ұстаз, дәрігер, кәсіпкер сияқты түрлі рөлдерді қатар алып жүрген әйелдер қоғамның дамуына әрдайым үлес қосып келеді. Қазіргі таңда әйелдер білім беру, медицина, әлеуметтік қызмет көрсету, сауда және қызмет көрсету салаларында көбірек еңбек етеді. Бұл салалар қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы мен адам капиталын дамытуда ерекше маңызға ие. Сонымен қатар соңғы жылдары Қазақстанда кәсіпкер әйелдердің саны да айтарлықтай артқан.

Қазақстанда әйелдер ең көп еңбек ететін салалардың бірі – білім беру. Ұлттық статистика деректеріне сәйкес, бұл салада қызмет ететін мамандардың басым бөлігі әйелдер. Мектептер мен балабақшаларда мұғалімдер мен тәрбиешілердің едәуір бөлігін әйелдер құрайды. Бұл білім беру жүйесінің күнделікті жұмысында әйелдердің ролі ерекше екенін көрсетеді. Білім беру саласы тек пән үйретумен шектелмейді. Мұнда ұстаздар жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырып, олардың тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Сондықтан бұл мамандық үлкен жауапкершілікті, сабырлық пен шыдамдылықты талап етеді.

Мұғалім Гүлмира Жаймбаеваның айтуынша, ұстаздық қызмет – қоғам үшін аса маңызды мамандықтардың бірі.

«Ұстаздық мамандық – тек сабақ берумен шектелмейді. Мұғалім әр баланың болашағына әсер ететін тұлға. Балалармен жұмыс істеу үшін сабыр, мейірім және үлкен жауапкершілік қажет. Сондықтан білім беру саласында әйелдердің көп болуы заңды деп ойлаймын. Себебі әйелдер бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі», – дейді ол. Педагогтың айтуынша, мектептегі әрбір мұғалім тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына да ықпал етеді. Сондықтан ұстаз еңбегінің қоғамдағы маңызы ерекше. Мамандардың айтуынша, білім беру саласындағы әйелдердің белсенділігі елдің болашақ дамуына тікелей әсер етеді. Себебі сапалы білім алған ұрпақ – мемлекеттің ең басты капиталы.

Қазақстанда кәсіпкерлікпен айналысатын әйелдердің саны айтарлықтай артып отыр. Сарапшылардың айтуынша, әйелдер тек әлеуметтік салаларда ғана емес, бизнес бағытында да белсенді жұмыс істеп келеді. Әсіресе сауда, қызмет көрсету, білім беру, сұлулық индустриясы және зергерлік бұйымдар саудасы сияқты салаларда әйел кәсіпкерлер көп кездеседі. Көп жағдайда әйелдер клиенттермен жұмыс істеу, қызмет көрсету сапасын арттыру, жаңа

идеяларды енгізу сияқты бағыттарда жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Кәсіпкер, алтын бұйымдарының сарапшысы Гүлмира Есенованың айтуынша, әйелдер бизнесте жауапкершілік пен ұқыптылықтың арқасында табысқа жете алады.

«Қазір әйелдер бизнесте батыл кірісіп жатыр. Әсіресе сауда саласында әйел кәсіпкерлер көп. Мен зергерлік бұйымдар саласында ұзақ жылдан бері жұмыс істеймін. Байқағаным – әйелдер клиентпен жұмыс істеуге ерекше мән береді. Олар ұқыпты, жауапкершілігі жоғары, әрбір жұмысты мұқият орындайды. Сондықтан әйелдердің кәсіпкерлікке келуі бизнес саласының дамуына оң әсерін тигізеді», – дейді ол. Кәсіпкердің айтуынша, қазіргі уақытта көптеген әйелдер өз ісін ашып, жаңа жұмыс орындарын құрып отыр. Бұл өз кезегінде ел экономикасының дамуына да оң ықпал етеді.

Медицина саласы – қоғам үшін ең жауапты бағыттардың бірі. Дәрігерлер, медбикелер, фармацевтер және зертхана қызметкерлері халықтың денсаулығын сақтау жолында күн сайын еңбек етеді. Бұл мамандықтар үлкен жауапкершілікті, кәсіби білімді және адамдарға деген қамқорлықты талап етеді.

Фармацевт Эльмира Қасымбектің айтуынша, дәріханада жұмыс істеу тек дәрі сағумен ғана шектелмейді.

«Көп адамдар дәріхана қызметкерлерінің жұмысын тек дәрі беру деп ойлайды. Негізінде бұл – үлкен жауапкершілік. Әр адам дәрі-дәрмек туралы кеңес сұрап келеді. Біз оларға дұрыс ақпарат беріп, қажетті препараттарды ұсынуымыз керек. Сондықтан фармацевт мамандығы медициналық білім мен мұқияттылықты талап етеді», – дейді маман. Оның айтуынша, дәріхана қызметкерлері халыққа күн сайын кеңес беріп, адамдардың денсаулығына байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі. Әсіресе маусымдық аурулар көбейетін кезде фармацевтердің жұмысы одан әрі күрделене түседі.

Қазақстан Қарулы күштері қатарында бүгінгі таңда 9 мыңға жуық әйел әскери қызмет атқарады. Олар байланыс, медицина, логистика, штабтық қызмет сияқты түрлі әскери мамандықтарда еңбек етіп, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосып келеді.

Әйел адам – қоғамның маңызды тіректерінің бірі. Бүгінде олар тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар түрлі салада еңбек етіп, ел дамуына өз үлесін қосып келеді. Қазақстанда әйелдер білім беру, медицина, кәсіпкерлік, қызмет көрсету және әскери қызмет сияқты бағыттарда табысты жұмыс атқаруда. Ұстаз әйелдер жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, қоғамның болашағын қалыптастыруға үлес қосса, медицина саласындағы мамандар халықтың денсаулығын сақтауға еңбек етуде. Кәсіпкер әйелдер өз ісін дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашып, ел экономикасының дамуына ықпал жасап отыр. Сонымен қатар кейбір әйелдер әскери қызметті таңдап, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қызмет атқарауда. Осылайша, бүгінгі таңда әйелдер қоғамның ер саласында белсенді еңбек етіп, өздерінің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігін көрсетіп келеді. Олардың еңбегі қоғамның дамуына, елдің болашағын қалыптасуына маңызды үлес қосады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Қазақстанның халықаралық және сыртқы саясаты – елдің дүниежүзілік экономикалық және саяси жүйедегі орны мен ролін күшейтуге бағытталған кешенді бағдар. Бұл ұстаным көпвекторлы дипломатия, экономикалық прагматизм және аймақтық ынтымақтастықты тиімді тоғыстырады. Осының арқасында өліміз жаһандық турбуленттілік жағдайында сыннан сүрінбей өтіп, әлемдік саясаттағы өз орнын барынша нығайтып келеді.

Елдің сыртқы саясатының құқықтық негізі ҚР Конституциясы арқылы айқындалған. Ата Заңға сәйкес, халықаралық қатынастардың негізгі бағыттарын айқындау – Президент құзырында, ал халықаралық шарттарды ратификациялау – Парламенттің міндеті. Атқарушы деңгейде бұл саясатты іске асырушы негізгі орган – Сыртқы істер министрлігі. Мұндай өкілеттіктер бөлінісі сыртқы саясаттағы сабақтастық пен институционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұл – әсіресе жаһандық турбуленттілік жағдайында маңызды фактор.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап көпвекторлы сыртқы саясат ұстанымын таңдады. Бұл басымдық белгілі бір геосаяси блокқа тәуелді болмауды, түрлі бағыттағы серіктестермен теңгерімді қарым-қатынас орнатуды көздейді. Осыған орай Қазақстан бүгінде Біріккен Ұлттар Ұйымы алаңында жаһандық қауіпсіздік бастамаларын көтереді. Еуразиялық экономикалық одақ аясында экономикалық интеграцияға қатысады. Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде өңірлік қауіпсіздік мәселелерін талқылайды. Ислам ынтымақтастық ұйымы арқылы мұсылман әлемімен ынтымақтастықты дамытады. Бұл көпқабаты қатысу форматы Қазақстанның дипломатиялық маневр жасау мүмкіндігін сақтайды әрі сыртқы қысым тәуекелдерін азайтады.

Қазақстанның халықаралық имиджінің өзегінде ядролық қарусыздану бастамасы тұр. Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы мен ядролық арсеналдан бас тарту шешімі елдің бейбіт бағыттағы саясатын айқындады. Бұл

қадам Қазақстанды жаһандық анти-ядролық қозғалыстың көшбасшыларының біріне айналдырды. Қазіргі кезеңде де ресми Астана халықаралық құқық қағидаттарын сақтау, мемлекеттердің аумақтық тұтастығын құрметтеу және дауларды дипломатиялық жолмен шешу принципін ұстанып келеді. Сыртқы саясаттың маңызды бағыты – экономикалық мүдде. Бұл тұрғыда күн тәртібіндегі негізгі міндеттер – инвестиция тарту, экспорт географиясын кеңейту, көлік-логистика дәліздерін әртарапандыру.

Бүгінде Еуразия кеңістігіндегі транзиттік әлеует Қазақстан үшін стратегиялық ресурсқа айналды. Орта дәліз бағыты, Каспий арқылы жүк тасымалы, Қытай–Еуропа бағытындағы логистикалық жобалар елдің геэкономикалық маңызын арттырып отыр. Санкциялық текетірестер күшейген шақта Қазақстан үшін ең басты сын – экономикалық бейтараптықты сақтай отырып, ұлттық нарықты қорғау және сыртқы сауда байланыстарын үзбеу.

Соңғы жылдары Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара сенім мен экономикалық кооперация нығайып келеді. Қазақстан бұл үдерісте үйлестіруші рөл атқаруға мүдделі. Мұнда өңірлік тұрақтылықтың негізі – су ресурстары, энергетикалық қауіпсіздік, шекаралық ынтымақтастыққа айрықша маңыз беріледі.

2025 жылғы қантар-шілде кезеңінде Қазақстанның тауарлар экспорты 5,525,7 млн АҚШ доллары, ал импорт 10,699,5 млн АҚШ доллары деңгейінде болды. Экспорттағы басты үлес – шикі мұнай

ҚЫЗМЕТ

Сара Ашурова – Кентау қалалық полиция бөлімінің Ақпараттандыру және байланыс тобының (АБТ) технигі. Ішкі істер органдарындағы қызмет жолын ол 19 жасында бастап, бүгінгі таңда полиция құрылымындағы маңызды техникалық бағытта абыроймен қызмет атқарып келеді.

Полиция қызметі Сара үшін жай ғана жұмыс емес, бұл – қоғам мен мемлекет алдындағы үлкен жауапкершілік. Ол өз мамандығын тәртіп, адалдық, жауапкершілік және кәсіби ұстаныммен байланыстырады.

Сара Қанатқызы қызмет атқаратын АБТ – полиция құрылымындағы маңызды бөлімшелердің бірі. Бұл бөлімше полиция қызметінің ақпараттық-коммуникациялық және техникалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі жүйе. Ақпараттық жүйелердің тұрақты жұмысы – жедел әрекет етуге, қызметкерлердің қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге негіз.

Түркістан облысы Полиция департаменті, Кентау қалалық полиция бөлімі, Ақпараттандыру және байланыс тобының технигі Сара Ашурова М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында оқып, заңгер мамандығы бойынша білімін жетілдіреді.

МЕРГЕН ҚЫЗ

Сөйтіп 2023 жылдан бері Кентау қалалық полиция бөлімінде ақпараттандыру және байланыс тобының технигі қызметін атқарып келеді. Өрине, жас қызға алғашқы кезде ішкі істер саласында жұмыс жасау оңайға түспеді.

– Полиция қызметкері болу қыздар үшін өте қиын. Кез келген оқиғаға дайын болу, жедел әрекет ету қажет. Әрі бұл сала көп ізденуді талап етеді. Дегенмен өз мамандығымды шынайы жақсы көремін, – дейді Сара Қанатқызы.

Сараның қызметі әртүрлі санаттағы тұлғаларды дер кезінде есепке қою және оны шығару, есептегі тұлғаның қай жерде екенін белгілейтін ақпараттың бұрмалануына, бастапқы есепке алудың электрондық құжаттарын дұрыс енгізуге бағытталған. Учаскелік полиция қызметкерлері, тергеушілер және жедел іздестіру тобының мамандары келіп республикалық базаға әртүрлі жағдайдағы адамдарды Сараға беріп тіркегіп отырады.

Республикалық базаға тіркеу оңай шаруа емес. Себебі, тіркеуге алынған адамның жеке басын растайтын құжатын немесе базаға қою тәртібін дұрыс таңдамаған жағдайда, база қабылдамайды. Сондықтан да компьютердің алдында отырып әрбір адамның құжатын тексеріп оны базаға тіркеу инемен құдық қазғандай. Сонымен қатар, Сара іздеушілер, қорғау нұсқама және ерекше талап бойынша тіркелген адамдарды есепке



қоюдың айырмашылығы бар екенін де айтып өтті.

Өз әріптестері ортасында «мерген қыз» атанған Сара тапанша ағудың қыр-сырын ерекше меңгерген. Қызмет бабында түрлі экстремалды жағдайларға тап келетін әріптесіміз құдық қорғау қызметкерлері шұғыл іс-әрекеттерге әр кездаяр тұру керек деп санайды.

Сараның мергендікпен қатар тапаншаны 12 секундта шашып-жинайтын қасиеті де бар. Өзінің нәзік қолдарымен суық қаруды қас-қағым уақытта шашып жинауды меңгерген Сара бірнеше рет жүделді орындар алған.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Қазіргі кезеңде құқық үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту мемлекет дамуының негізгі басымдықтарының бірі. Қазақстанда жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған жаңа қылмыстық саясаттың қалыптасуына негіз болуда.

ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІ –
ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫНА
КЕПІЛ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауларында құқық үстемдігін қамтамасыз ету, әділетті қоғам құру және құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының қызметі ең алдымен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталуы тиіс екенін бірнеше рет атап өтті. Бұл қағидат қазіргі қылмыстық саясаттың басты бағдарларының бірі болып отыр.

Қылмыстық құқық қоғамдағы ең маңызды әлеуметтік құндылықтарды қорғауға бағытталған құқықтық тетік ретінде мемлекет қауіпсіздігінің маңызды элементі. Оның негізгі міндеті – қылмыстардың алдын алу, әділетті жаза қолдану және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету.

Соңғы жылдары Қазақстанда қылмыстық заңнаманы жетілдіру, оны ізгілендіру және құқық қолдану тәжірибесін тиімді ету бағытында бірқатар реформалар жүзеге асырылды. Бұл реформалардың мақсаты – қылмыстық жауаптылықтың әділеттілігін қамтамасыз ету, жазалау мен алдын алу шаралары арасындағы тепе-теңдікті сақтау, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығын арттыру.

Сонымен қатар цифрлық трансформация дәуірінде қылмыстық құқық алдында жаңа міндеттер туындауда. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы киберқылмыс, дербес деректердің қауіпсіздігі, цифрлық дәлелдемелерді пайдалану сияқты жаңа құқықтық мәселелерді алға шығарды. Мемлекет басшысы өз жолдауларында цифрландыру процесі құқықтық реттеудің жаңа тәсілдерін талап ететінін атап өтті. Сондықтан қазіргі қылмыстық саясат цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерімен тығыз байланысты.

Бұл тұрғыда құқықтық ғылымның рөлі ерекше. Ғылыми қауымдастық құқықтық реформалардың теориялық негіздерін әзірлеуге, заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға және құқық қолдану тәжірибесін талдауға белсенді қатысуы тиіс.

Университеттердің заң факультеттері болашақ заңгерлерді даярлау арқылы құқықтық мәдениетті қалыптастыруда маңызды миссия атқарады. Бүгінде құқықтық білім беру тек теориялық дайындықпен шектелмей, практикалық дағдыларды дамытуға, құқықтық жауапкершілікті сезінетін кәсіби мамандарды қалыптастыруға бағытталуда.

Қорытындылай келе, қазіргі кезеңдегі қылмыстық саясаттың басты мақсаты – қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен азаматтардың құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Бұл міндетті жүзеге асыру құқықтық реформаларды жүйелі түрде жүргізуді, құқықтық мәдениетті арттыруды және құқық қорғау жүйесінің тиімділігін нығайтуды талап етеді.

Дина БҰҒЫБАЙ,
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің, Құқық және халықаралық қатынастар факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор, з.ғ.к

ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ

САПАЛЫ СОТ БИЛІГІ
СЕНІМДІ НЫҒАЙТАДЫ

Жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін жетілдіру бойынша жаңа заңдар қабылданды, бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Заңнамалық реформалар процесі қылмыстық іс жүргізуді жеңілдетуге және процеске қатысушыларға кеңірек құқықтар беруге ықпал етті деп айтуға болады.

Әділ қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттары, мысалы, кінәсіздік презумпциясы әділеттілікті тек соттың жүзеге асыруы, қорғану және білікті заң көмегіне құқық, куәгерге қол сұғылмаушылық құқығы, жеке басының, тұрғын үйінің және мүлкіне қол сұғылмауы, судьялардың тәуелсіздігі және іс жүргізудің жариялылығы Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларында толық көрініс тапқан, бұл қылмыстық іс жүргізуге қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиімдірек қорғауға ықпал етеді.

Сотта айыптау және қорғау тараптары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін қорғаушының маңызы, рөлі және өкілеттіктері кеңейтілген. Қылмыстық-процестік кодекстің 66-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сотта қорғаушы ретінде тек кәсіби адвокат қана әрекет ете алады.

Сонымен қатар, тек айыптаушылар ғана емес, қорғануға құқығы бар куәгерлер де өз мүдделерін білікті қорғаушы адвокат арқылы білдіруге құқылы.

Процессуалдық келісімнің құқықтық институттарын жүзеге асыру, айғақтарды тапсыру оларды адвокаттың міндетті түрде қатысуымен жүзеге асыруды көздейді. Сот адвокатқа өз қорғауындағы адамның қатысуымен болатын процестік әрекеттің уақыты мен орны және сот отырыстары туралы алдын ала хабарлайды. Сотталушының кінәсіне қатысты жойылмайтын күмәндар, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану кезінде туындайтын күмәндар де сот тарапынан олардың пайдасына түсіндіріледі.

Сонымен қатар, егер негізгі сот отырысын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңнамасының елеу-

лі бұзушылықтары анықталса, сот істі прокурорға қайтаруға құқылы, бірақ қосымша тергеу жүргізу мақсатында емес, тек осы бұзушылықтарды жою және процеске қатысушылардың құқықтарын тиісті түрде қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ғана қайтаруға құқылы екенін атап өткен жөн.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау институты жәбірленуші мен куәгерлердің айғақтарын талап ете алады.

Қылмыстық-процестік кодекстің 372-бабы 1-бөлігінің 3-тармағына сәйкес қылмыстық істерді қарау кезінде соттар айғақтарды тапсырған жәбірленуші мен куәні шақырмайды, тек осы айғақтарды процеске қатысушыларға оқып береді және оны басқа дәлелдемелермен бірге бағалайды.

Бұл жағдайлар сот қорғауының аясын кеңейтуге мүмкін-



Ж.АРИНОВ,
Өскемен қалалық
мамандандырылған
ауданаралық тергеу
сотының судьясы

дік береді, жазалау тәжірибелерінің азаюына әкеледі және түрмедегі адам санының азаюына әсер етеді. Қылмыстық-процестік кодекстің 31-бабының 2-бөлігіне сәйкес, әрбір сотталған немесе ақталған адам үкімі жоғары тұрған сотта және алқалы құрамда қайта қарауға құқылы.

Осы бағыттағы сот жүйесін реформалау, кассациялық соттардың құрылуы соттардың рөлін күшейтуге ықпал етеді. Сот төрелігін сапалы және уақытылы жүзеге асыру, сот билігін, беделін арттырудың, қылмыстық іс жүргізуде азаматтың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтудің кілті болып қала береді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

ҚАЗЫНА

ҚР Конституциясына сәйкес, мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Ал сот өндірісі заң талаптарына сай мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сонымен қатар, сот процесіне қатысушылар қажет болған жағдайда басқа тілдерді қолдануға құқылы. Бұл – азаматтардың тілдік құқықтарын сақтай отырып, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің тиімді тетігі.

ТІЛГЕ ДЕГЕН ТАЛАП ТӨМЕНДЕМЕСІН!

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы – тек заң талабы ғана емес, сонымен бірге қоғам алдындағы жауапкершілік. Қазіргі таңда сот құжаттарының басым бөлігі қазақ тілінде рәсімделіп, сот отырыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Бұл үрдіс халықтың сотқа деген сенімін арттырып, құқықтық мәдениеттің дамуына ықпал етеді.

Мемлекеттік тілде сот төрелігін жүзеге асыру азаматтарға сот процесін толық

түсінуге, өз құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Әсіресе ауылдық жерлерде тұратын азаматтар үшін соттың мемлекеттік тілде жұмыс істеуі өте маңызды. Қазіргі таңда сот жүйесінде азаматтардың тілге қатысты құқығы бұзылмауы үшін барлық жағдай жасалған.

Сот қызметкерлері үшін де мемлекеттік тілді жетік меңгеру – кәсіби міндеттің бір бөлігі. Себебі сапалы дайындалған процессуалдық құжаттар, дәл

әрі түсінікті сот актілері құқық қолдану тәжірибесінің сапасын арттырады.

Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің, ұлттық болмыстың және тәуелсіздіктің белгісі. Сондықтан сот жүйесінде қазақ тілінің кеңінен қолданылуы – уақыт талабы әрі ортақ міндет.

Айнагүл КАЛИЕВА,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің бас маманы-сот
отырысының хатшысы

15 НАУРЫЗ
МАРТА

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важный голос каждого из нас!

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=kk>



<https://referendum2026.gov.kz/kk>



<https://referendum.gov.kz/kk>

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сағадидың философия ғылымдарының докторы, профессор, Саяси ғылымдар академиясының, Заң ғылымы академиясының академигі мәртебесіне көтерілді. 200-ден астам ғылыми еңбек жазды. Еңбектері Польша, Чехия, Нидерланд, Германия, Пакстан, Ресей, Украина, Молдова, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстанда және т.б. басылымдарында жарық көрді. Осы елдердің ұйымдастыруымен өткен халықаралық форумдар мен симпозиумдарда, ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференциялардың беделді мінберінде өз ойын айқын білдіріп отырды. Оның ішінде 7 монография, 7 оқу құралы, 1 оқулық жазды. Кейбір еңбектері, мысалы: «Феномен Сознания: новый взгляд» қосавторлық еңбегі және «Актуальные проблемы современного казахстанского общества» атты еңбегі Германияда «Lambert Academic Publishing» баспасында қайта басылды. Сағадидың белсенді ғалым әрі тәжірибелі педагогикалық қызметін қырық жылдан астам табысты жалғастырды. Қазақстанның зиялы қауымы Сәкенді дарынды ғалым, үздік педагог ретінде жақсы білді.

Республикамыздың білім және ғылым саласында сіңірген ерен еңбегі үшін Сағадидың «ҚР ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен, екі мәрте ҚР ҒБМ-нің Құрмет грамотасымен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 70 жылдық мерейлік медалімен марапатталды. 2011–2012 оқу жылы ҚР ҒБМ-гі тарапынан «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атанды. Сағадидың ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 4 ғылым кандидаты, 20-ға жуық ғылым магистрі диссертация қорғады. Бірнеше ғылыми жобаға жетекшілік етті.

Соңы ізденіс пәні

Сағадидың Бөлекбаев – еліміздегі отандық ғылым саласында философия тарихын, әлеуметтік философия, формальды логика, саясат философиясы, халықаралық қатынас мәселелерін, түркі өркениетін зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелерін және оның әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін анықтауда, Шығыс пен Батыс дилеммасындағы қазақстандық жолды айқындауда, саясат пен экономика арақатынасын саралауда, қазақстандық білім беру жүйесін сараптауда, жаңарған әлемдегі өзгерген қоғамдық сананы жаңаша тануда батыл қадамдар жасаған ғалымдардың бірегейі.

Ғылыми зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігі ғалымның ғылыми-мәдени талғампаздығы мен көрегендігіне, батылдығы мен рухани қаһармандығына тікелей тәуелді құбылыс болғанын айтуға болады. Осы орайда, Сағадидың Байұзақұлының батыл да белсенді, шығармашыл ғалым ретіндегі өзіндік болмысын, оның ғылыми зерттеулеріндегі басты туындыгерлік ерлігі мен ерекшеліктерін кейбір еңбектеріне шолу жасау арқылы көрсетуге болады.

Мәселен, «Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад?» деп аталатын К.Н.Бурхановпен бірлесіп орындалған монографиясында авторды жетегіне алған нәрсе – бүгінгі Қазақстан үшін әлемдік жаһандану аясында өз даму тәжірибесін саралап байыптайтын кез келді дейтін универсум. Осының негізінде Қазақстанның өз ұлттық ерекшелігіне табан тірейтін, өзіндік



ҒЫЛЫМИ САНАНЫ ЖАҢАША СӨЙЛЕТКЕН ҒАЛЫМ

болмысынан өрбитін келешек даму жолын нақты айқындау және осы арқылы қоғамды жедел модернизациялауға ықпал ету мақсатын көздегенді. Бұл – автордың ел дамуын ұлттың рухани мәдениетін жаңғырту арқылы қоғамдық тарихи сананы тазарту, сол кезеңдегі маргиналды қоғамдық ақылды оңға қарай бұрудың бірден-бір жолы – бүгінгі қазақтың ұлттық тарихы мен рухани-мәдени ұстанымдарымен ұштастыра зерттеуді білгендігі деп есептейміз. Мұндағы маңызды идеяның бірі – Қазақстанды таза классикалық Шығыс немесе таза классикалық Батыс өлшемі тұрғысынан қарастыруға келмейді дейтін ұстаным. Міне бұл – бүгінгі әдіснамалық жүйедегі соны пікір болды десек артық айтпағандық.

Өркениет – Шығыс-Батыс қосөлшемдік жүйесінің туындысы

Шығыс – Батыс дилеммасы контекстінде келгенде тәуелсіз Қазақстан тәжірибесінде батыстық модельдің ізі бар: құқықтық мемлекет, нарықтық экономика және демократия болғандығын атап өтеді. Авторлардың пікірінше, бұл жол Қазақстанға айтарлықтай жетістік әкелген. Алайда батыстық модельмен жүрген бірқатар тәуелсіз мемлекеттердің қиындықтар мен проблемалармен де бетпе-бет келгендігін де жасырмады автор. Туындыгердің айтуынша, бұдан бөлек дамуың шығыстық үлгісінің де бар екенін ескерте отырып, бұл жолмен жүрген Шығыс елдерінің

қандай да бір дәрежеде – Шығыс-Батыс дейтін қосөлшемдік жүйенің туындысы деп санайды. Осы бір қарама-қарсы жақтардың бірлігі мен тұтастығы әр өркениетке өзінше жүйелік сипат береді дейтін ұтымды тұжырымға келеді. Ғалымның пікірінше, екі модельдің арасындағы айырмашылық басым жағдайда олардың бір-бірінен алшақтауы және не Шығысқа, не Батысқа қарай көп ойысуына байланысты болды. Бұл – отандық өркениеттанудағы соны көзқарастың бір парасы еді. Ғылыми танымдағы ойлау жүйесін жаңа сарынға бұратынына сеніммен қарайтынмызға күмән жоқ. Сондай-ақ, әр мәдениет пен өркениеттің бір-бірінен алыстауы мен өзара жақындасуының өз фазасы және кезеңі болды деген ой түйеді. Сондықтан әр мәдениеттің тәбиғаты мен мәнін тек олардың орны мен рөлін қосөлшемдік жүйе Шығыс пен Батыс, Азия мен Еуропа аясында анықтау арқылы ғана түсінуге болады деп есептеді танымгер.

Қорыта келе, қазіргі заманғы мәдениет ерекше жылдамдықпен екі парадигманың тоғысуына қарай тартылуда, соған байланысты біздің мәдениет, қоршаған шындық және адам табиғаты туралы түсінігіміз өзгеруде, осының өзі концептуалдық көпір ретінде Шығыс даналығы мен Батыстық рационалистік мәдениет пен ғылымды жақындастыратын шығар дейтін туындыгерлердің ақтық тұжырымымен келісуге болады.

туды, сана ұғымын бейклассикалық физика тұрғысынан зерттеу қажет деп санады.

Аталмыш монографияда сана мәселесінің жаңа ғылыми әрі философиялық концепциялары қарастырылады, сана мәселесін зерттеген әртүрлі әдіснамалық көзқарастарға сыни тұрғыдан баға беріледі. Сонымен бірге, мұнда өзгерген сананың әлемдік мәдениеттегі әртүрлі технологиясы да назардан тыс қалмайды. Әсіресе, автор трансперсоналды және кванттық психология концепциясының маңыздылығын атап өтеді. Осының өзі танымал санагер-ғалымның сараптамалық талдау жүйесінің қисындылығын білдіреді. Ғылыми синтездік тәсілінің баяндылығын дәлелдей түседі. Сонымен бірге, зерттеуші-ғалым сананың ішкі априорлық интенциясы мен әлеуетін көре білген және сананың апостриорлық әрі экстрасубстанциялық аспектілерін де тап басып көрсете білген. Бұл теориялық-әдіснамалық тұрғыда өте маңызды концептуалдық шешім әрі ғылыми идеогемдер жүйесі деп есептейміз. Мұны ХХІ ғасырдағы мәдени-рухани ренессанстық құбылыс деуге болады.

Түркілік мәдениеттің тамыры тереңде

Сағадидың Байұзақұлы соңғы кезде түркілік өркениет тарихын зерттеудің

Сағадидың Бөлекбаев – еліміздегі отандық ғылым саласында философия тарихын, әлеуметтік философия, формальды логика, саясат философиясы, халықаралық қатынас мәселелерін, түркі өркениетін зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелерін және оның әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін анықтауда, Шығыс пен Батыс дилеммасындағы қазақстандық жолды айқындауда, саясат пен экономика арақатынасын саралауда, қазақстандық білім беру жүйесін сараптауда, жаңарған әлемдегі өзгерген қоғамдық сананы жаңаша тануда батыл қадамдар жасаған ғалымдардың бірегейі.

зор жетістіктерге қол жеткізгенін алға тарта білді. Шығыс нарықтық экономика мен демократия тек батыстық елдер мен олардың мәдени-өркениеттік қауымдастығына ғана тән дейтін дәстүрлі квазикөзқарасты жоққа шығарды деген тұжырымға келді ғалым.

Шығыстың модернизацияның өзіндік бітімі мен ерекшеліктерін көрсете келіп, автор Шығыс пен Батыстың мәдени-өркениеттік дамуына салыстырмалы талдау жасау қажет деп есептеді. Өйткені, Шығыс пен Батыс түбірлі түрде бір-біріне ұқсамайтын рухани әрі әлеуметтік-мәдени бастамалар, олар әлемдік өркениет дамуына өзіндік із қалдырған ойқумендік модель деп есептеді. Біздің пікірімізше, бұл бүгінгі өркениеттанудағы баса назар аударуға тұрарлық парадигма деп мойындауға болады. Қазіргі қоғам дамуын жөбалауда маңызды зор мәтатренттік мәселе деп айта аламыз. Сонымен бірге автор кез келген мәдениет және өркениет

Қоғамдық сана феномені

Сәкеннің зерттеулеріндегі осындай жаңа сарынға ие болған зерттеу объектісінің бірі бүгінгі жаңа ғасырдағы өзгерген қоғамдық сана феномені, өзгерген сана әлеуетін теориялық-әдіснамалық тұрғыдан түсіндіруге батыл талпыныс болғандығын айтқан жөн. «Философиядағы сана феномені: жаңа көзқарас» деп аталатын 2014 жылы жарық көрген қосавторлық монографияда танымгерлер сана феноменін жаңаша қарастыру мәселесін ұсынды. Себебі сана кеңістігіндегі бүгінгі құбылыстарды санаға деген қалыптасқан ньютон-картезиандық метапарадигма шеңберіндегі дәстүрлі түсінікпен пайымдауға келмейді және түсіндіру мүмкін болмай отыр. Сондықтан өткен ғасырдағы физика саласындағы революция сияқты сана теориясы бағытында да қайта қарастырудың заманы

теориялық-әдіснамалық мәселесін де өте қызығушылықпен зерттеген ғалым. Ол еңбегі «Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию» деген атпен 2016 жылы жеке монография болып жарық көрді. Мұндағы көзделген басты мақсат – әлемдік мәдениет тарихындағы түркі өркениетінің орнын анықтау және оның өзіндік рөлін сомдау әрі бүгінгі әлемдік мәдениет астарында түркілік мәдениетінің жатқандығын дәлелдеу болғандығы анық.

Бұл еңбекте отандық және шетелдік түркітанушылардың еңбектерін сыни талдау арқылы түркі халқы жетістіктеріне тарих философиясы тұрғысынан жүйелі сараптама жасау міндеті көзделген. Бұл Сағадидың Байұзақұлының түркітанудағы ғылыми қырағылығы мен теориялық рефлексияның ұшқырлығын көрсетсе керек. Ғалымның ғылымдағы өзектендіру мен концептуализациялау, тарихи фактілерді жүйелеу мен негізгі тарихи-рухани құндылықтарды әмбебаптандыру әлеуетінің тереңдігінен хабар береді.

Көрнекті ғалымның келелі ғылыми зерттеу дәстүрі келешекте ғылымтану, өркениеттанудағы танымгерлік мектебіне айналуы хақ. Түркілік өркениет философиясын тереңінен зерттеуді көрнекті ғалым келешектең еншісіне аманаттады десек болады. Бүгінгі күні танымал ғалым бауырымыз 80-ге толар еді. Ағамыздың рухы биікте, жаны жәннаттың төрінде болсын.

Д.РАЕВ,
филос.ғ.д., профессор

ОҢ ҚАДАМ

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жолдауында: «негізгі дәліздер аясында автомобиль жолдарын дамытуға баса мән берген жөн. Қазір елімізде 13 мың шақырым автокөлік жолдары салынып, жөнделіп жатыр. Жол салған кезде транзиттік дәліздердің мән-маңызына баса көңіл аударған жөн. «Сексеуіл-Бейнеу» жолының құрылысын тездету керек. Осы жолдың арқасында Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау мерзімінің үштен бірі қысқарады», – деген еді. Ал биыл 10 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Жаңа экономикалық үлгіге көшу барысында көлік логистикасын дамытуға жете мән беру қажет. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет. Қазақстанның Еуропаға құрлығындағы бірегей орнын тиімді пайдаланбасақ, бұл халқымыз кешірмейтін стратегиялық олқылық болуы мүмкін. Сондықтан бұл міндеттің мән-мағынасы ерекше», – дей келіп автокөлік тасымалын дамыту туралы айтқанда, ең алдымен, жолдың сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелер шешімін табуға тиіс деді.

Көлік министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда қазір 95 мың шақырым автомобиль жолы бар. Оның 25 мың республикалық, 70 мың облыстық және аудандық маңызы бар жолдар. Былтыр 13 мың шақырым автомобиль

жолдарында түрлі жұмыстар жүргізіліп, республикалық желідегі 3 мың, жергілікті желідегі 3 мың шақырымы аяқталды. Соның нәтижесінде нормативтік стандарттарға сай Көлік министрлігіне қарайтын республикалық жолдардың үлесі 94

пайызға, жергілікті органдарға қарайтын облыстық және аудандық жолдардың үлесі 91 пайызға жеткізілді.

Биыл республикалық маңызы бар жолдардың 8,9 мың шақырымы, жергілікті жолдардың 2,3 мың шақырымы құрылыс, реконструкция және жөндеу жұмыстарымен қамтылады. Жыл соңына дейін 3,5 мың шақырым жолдағы жаңа құрылыс және қайта жаңарту нысандары, 2 мың шақырым республикалық маңызы бар жолда орташа жөндеу жұмыстары аяқталады деп жоспарланып отыр. Соның нәтижесінде республикалық жолдардың 95 пайызы, жергілікті жолдардың 92 пайызы нормативтік стандарттарға сай болмақ.

Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаровтың алқа отырысындағы сөзіне қарағанда, биыл Қызылорда – Жезқазған (Қызылорда облысы аумағындағы), Қалбатау – Майқапшағай және Ұзынағаш – Отар жобалары аяқталды. Құрылыс және қайта жаңарту Қызылорда – Ақтөбе бағыты бойынша жолды төрт жолақты етіп кеңейте отырып қайта жаңарту жұмыстары басталды. Қарағанды – Жезқазған жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеме бекітіліп, құрылыс-монтаж жұмыстары екінші жартыжылдықта басталмақ. Сондай-ақ ұзындығы 559 шақы-

рым болатын Бейнеу – Сексеуіл жобасы басталады. Ол тасымал қашықтығын 900 шақырымға қысқартып, жол жүру уақытын үш тәулікке дейін азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек ұзындығы 102 шақырым болатын Сарыағаш салынып айналым аяқталды.

Елімізде бүгінгі таңда 7 халықаралық автотөлік дәлізі бар. Орталық Азия ғана емес, күллі Еуразияның логистикалық хабына айналуы алдына мақсат етіп қойып отырған Қазақстан үшін автокөлік жолдары сапасының халықаралық нормативтік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету кезек күттірмейтін ең маңызды мәселе деуге болады. Өйткені еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруда автокөлік жолдарының да маңызы өте зор. Оның, әсіресе өндіріс және халықаралық жүк пен жолаушы тасымалын дамытуға әсері орасан. Өйткені көлік қатынасы дұрыс жолға қойылатын болса, ішкі және сыртқы сауда-саттық ұлғайып, өндіріс кеңейіп, туризм мен өңдеу өнеркәсібінің қарыштап дамуына қолайлы жағдай қалыптасады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Қазіргі заманның баласы ойын алаңынан гөрі экран алаңында көбірек уақыт өткізеді. YouTube, TikTok сияқты платформаларда балаларға арналған түрлі видеолар, ойын-сауық бағдарламалары мен блогерлердің контенті күн сайын көбейіп келеді. Бір қарағанда, мұның барлығы тек көңіл көтеруге арналғандай көрінеді. Алайда мамандар балалар көретін контент олардың ойлау жүйесіне, мінез-құлқына және дүниетанымына әсер ететінін айтады. Бүгінде көптеген ата-ана баласының телефон немесе планшет арқылы қандай контент көріп отырғанына алаңдайды. Себебі интернет кеңістігінде пайдалы әрі дамытушы материалдармен қатар, тәрбиелік мәні күмән тудыратын видеолар да аз емес. Бұл жағдай балалардың ақпаратты қабылдауына, тілдік дамуына және мінез-құлқына белгілі бір деңгейде ықпал етуі мүмкін. Осы орайда балаларға арналған контенттің сапасы, оның тәрбиелік маңызы және баланың психологиясына әсері – қоғамда жиі талқылану жүрген мәселелердің бірі. Балалар қандай контент көруі керек? Әлеуметтік желідегі видеолар олардың дамуына қалай әсер етеді? Бұл сұрақтарға жауап алу үшін біз Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық білім үйлестіру орталығының дарынды балалармен жұмыс жөніндегі едіскері, отбасы және балалар психологы Гүлбану Батырғалиқызымен сұхбаттастық.

**БАЛАЛАР КОНТЕНТІ:
ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚАУІПТІ
АҚПАРАТТАН ҚОРҒАЙДЫ**



– Қазіргі таңда балалардың көп уақыты YouTube, TikTok сияқты платформаларда өтеді. Мұндай контент балалардың психологиясына қалай әсер етеді?
– Бүгінгі заманда балаларды YouTube пен TikTok сияқты платформалардан толықтай ажырату мүмкін емес. Сондықтан басты мәселе – оны мүлде қолдандырмау емес, керісінше, осы құралдарды балаға пайдалы бағытта пайдалануды үйрету. Баланың психологиясына кері әсер ететін ақпараттардан қорғауда ата-ананың рөлі өте маңызды. Егер ата-ана баламен үнемі серіктес ретінде сөйлесіп, қандай ақпараттың пайдалы, ал қайсысының зиян екенін түсіндіріп отырса, бала біртіндеп мұндай контентті қауіпті екенін түсіне бастайды. Сонымен қатар ата-ана баламен бірге пайдалы әрі танымдық ақпараттарды қарап, оның қызығушылығына көңіл бөліп отырса, бұл баланың дамуына оң әсер етуі мүмкін. Яғни интернеттегі контентті дұрыс бағытта пайдалану баланың психикасына теріс әсер етпейді.
– Көңіл көтеруге арналған контент пен тәрбиелік контенттердің айырмашылығы қандай? Балаларға қалайсыз көбірек әсер етеді?
– Әрине, бала үшін тәрбиелік мәні бар контенттің пайдалы әлдеқайда жоғары. Бірақ баланың жас ерекшелігін ескеру өте маңызды. Тәрбиелік мазмұндағы контент міндетті түрде күрделі немесе ресми болмауы керек. Оны ойын, қызықты сюжет немесе түрлі шығармашылық тәсілдер арқылы

отырғаны дұрыс. Бірақ бірден «болмайды» деп толық тыйым салу әрқашан тиімді бола бермейді. Себебі балаға қатты шектеу қою оның психикасына кері әсер етуі мүмкін. Кей жағдайда бала мұндай тыйымды қысым ретінде қабылдап, қырсықтық немесе қарсы әрекет көрсетуі ықтимал. Егер бала белгілі бір блогерге қызығып, соған еліктей бастаса, ата-ана ең алдымен баламен сөйлесуі керек. Бала неліктен сол блогерді қарайды, оған не ұнайды – осының бәрін түсінуге тырысқан жөн. Балаға бірден «ол дұрыс емес» деп айту дұрыс тәсіл емес. Керісінше, ата-ана баланың деңгейіне түсіп, оның ойын тыңдап, пікірін білуі маңызды. Мұндай жағдайда ата-ана баламен диалог арқылы жұмыс істеуі керек. Мысалы, «Бұл блогер саған несімен ұнайды?», «Оның жасаған ісінің қандай пайдасы бар?», «Ол сенің жасыңа сәйкес келе ме?» деген сияқты сұрақтар арқылы

балаға ойлануға мүмкіндік беру қажет. Қазіргі заманда балалар ақпаратты тез қабылдайды және өз пікірін қалыптастыра алады. Сондықтан баланы толық шектеуден гөрі, онымен ашық сөйлесіп, дұрыс бағыт көрсету әлдеқайда тиімді.

– Балалардың блог жүргізуіне қалай қарайсыз? Бұл олардың психологиясына әсер етуі мүмкін бе?

– Жалпы, балалардың блог жүргізуіне мен қарсы емеспін, керісінше, белгілі бір деңгейде қолдаймын. Себебі блог жүргізудің артында үлкен еңбек жатыр. Мұндай тәжірибе балаға көпшілік алдында сөйлеуді, өз ойын еркін жеткізуді және сенімді болуды үйретеді. Сонымен қатар бала ерте жастан еңбеккерлікке да үйренуі мүмкін. Әрине, мұндай жағдайда ата-ананың рөлі өте маңызды. Бала блог жүргізген кезде ата-ана оның жанында болып, түсіндіріп, бағыт-бағдар беріп отырғаны дұрыс. Баланың қызығушылығын тежемей, керісінше, қолдап, бірге жұмыс істесе, бұл балаға болашақта өз бағытын табуға көмектеседі. Мысалы, осындай тәжірибелер арқылы бала 20 жасқа келгенде өзіне ұнайтын саланы ертерек анықтап алуы мүмкін. Дегенмен бұл жерде бір маңызды нәрсе бар – уақыт шектеуі. Баланың назарын тек блог жүргізуге ғана толық аударып қою дұрыс емес. Бала өмірінде оқу, демалыс, қарым-қатынас сияқты басқа да маңызды дүниелер болуы керек. Сондықтан ата-ана баланың уақытын дұрыс реттеп, тепе-теңдікті сақтауға көмектесуі қажет. Егер блог жүргізу дұрыс ұйымдастырылып, ата-ана тарапынан бақылау мен қолдау болса, бұл баланың психологиясына кері әсер етпейді. Керісінше, ол баланың жауапкершілігін арттырып, еңбеккерлікке тәрбиелеуі мүмкін.

– Балаға пайдалы, дамытушы контент қандай болуы керек?

– Ең алдымен, балаға арналған контент оның пікірін тыңдай отырып, қабілетін дамытуға бағытталғаны дұрыс. Әр баланың қызығушылығы әртүрлі болады. Сондықтан контент баланың өз мүмкіндігін ашуға, жаңа нәрселерді үйренуге және ойлануға жетелейтіндей болуы керек. Қазіргі кезде балалардың көбі телефоннан көз алмайтыны жасырын емес. Көп жағдайда ата-аналар жұмысбасты болғандықтан, бала үйде уақытын телефонмен өткізуі мүмкін. Сондықтан балалардың назарын пайдалы дүниелерге бұру өте маңызды. Осы мақсатта мен балаларға арналған «армандар картасы» жобасын дайындадым. Бұл карта баланың алдына мақсат қойып, соған қадам жасауына көмектеседі. Яғни, бала өз армандарын жазып немесе белгілеп қана қоймай, сол мақсатқа жету үшін белгілі бір уақыт ішінде әрекет етеді. Мысалы, 30 күн бойы бала өз мақсатына байланысты түрлі тапсырмалар орындап, нәтижеге жетуі тиіс. Бұл процесс барысында балаларды ынталандыру үшін түрлі мотивациялық сыйлықтар да қарастырылған. Мұндай тәсіл баланың назарын тек телефонға емес, өз дамуына, өз мақсатына бағыттауға көмектеседі.

– Баланың интернетте қандай контент көріп жүргенін ата-ана бақылап

көрсетуге болады. Егер тәрбиелік контент баланың жасына сай, қызықты форматта ұсынылса, ол баланың ойлау қабілетіне де, психикасына да оң әсер етеді. Мұндай контент баланың дүниетанымын кеңейтіп, дұрыс құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі.

– Кейбір видеоларда агрессия, дөрекі сөйлеу немесе орынсыз әзілдер кездеседі. Мұндай контенттің балаларға не берері бар?

– Бұл жерде ең үлкен жауапкершілік ата-анада деп айтуға болады. Егер бала ата-анасымен сенімді қарым-қатынаста өссе, үй ішінде психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта қалыптасса, сырттан келген ақпараттың әсері соншалықты күшті болмайды. Ал керісінше, егер бала үнемі сын естіп, қолдау мен мейірімді сезінбейтін ортада өссе, ол сыртқы ортадан, соның ішінде интернеттен көрген агрессияны қабылдап, соған еліктеуі мүмкін. Кей жағдайда бала үйде жетіспеген мейірім мен қолдаудың орнын сырттағы агрессивті немесе жағымсыз контент арқылы толтыруға тырысады. Сондықтан бала көретін контентті бақылаумен қатар, ең алдымен отбасында сенімді әрі қолдаушы атмосфера қалыптастыру өте маңызды.

– Баланың интернетте көретін контентін ата-ана бақылауы керек пе, әлде толық шектеу дұрыс емес пе? Егер бала белгілі бір блогерге еліктеп кетсе, ата-ана қалай әрекет етуі керек?

– Баланың интернетте қандай контент көріп жүргенін ата-ана бақылап

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

**АЛАЯҚТЫҚ ЖӘНЕ
ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ**

Құқықтық кодекстің 190-бабының диспозициясына сай, алаяқтық деп бөтеннің мүлкін алдау арқылы жымқыру немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтады.

Алаяқтықтың басқа қылмыстардан айырмашылығы жәбірленуші күдіктінің қылмыстық жасау тәсілдерін қолдану кезінде, яғни жалған уәде беру немесе шын ақпаратты айтпай, керісінше, жалған ақпарат айту кезінде алданушының себебінен өзіне тиесілі мүлікті күдіктіге өз қолымен беруі мүмкін. Яғни бұл жерде ешқандай күш немесе қорқыту қолданылмайды.

Алаяқтық туралы қылмыстар бойынша істі сотта қарау барысында ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы нормативтік қаулысының талаптары басшылыққа алынады. Осы аталған нормативтік қаулының екінші және үшінші тармақтарында алаяқтықтың негізгі саралау белгілеріне анықтама келтірілген: алдау – бөтен мүлікті жымқыру немесе бөтен мүлікке құқықты иемдену мақсатында алаяқтық жасау тәсілі. Алдау меншік иесінде немесе өзге адамда мүліктің кінәлі адамға және басқа адамдарға берілуінің заңға сәйкестігі туралы қате түсінік туындататын кінәлінің меншік иесіне немесе мүліктің өзге иесіне шындыққа жанаспайтын көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаудан не меншік иесіне не мүлік иесіне хабарлануға тиіс шынайы фактілерді жасырудан құрылуы мүмкін. Алдау нәтижесінде жаңылыстырылған меншік иесі немесе мүліктің өзге иесі өзінің мүддесі үшін жасаған әрекеттерінің негізділігіне сенімді бола отырып, кінәлі адамға мүлкін өз еркімен береді; алаяқтықтың тәсілі ретінде сенімді теріс пайдалану кінәлі адамның өзінің және меншік иесінің немесе иелігінде мүлкі бар өзге адамның арасында туындаған сенімді қарым-қатынастарды пайдәкүнемдік пиғылмен бөтен мүлікті немесе оған

құқықты заңсыз алу мақсатында пайдалануына негізделеді. Мүлік иесінің немесе өзге адамның алаяққа сенім артуы әртүрлі мән-жайларға негізделуі мүмкін: жеке таныстығы, туыстарының және өзге адамдардың ұсынымы бойынша, кінәлінің қызметтік жағдайы және т.б.

Қазіргі таңда, сот тәжірибесіне қарайтын болсақ, жалпы жұмыс жылы ішінде келіп түскен қылмыстық істердің 20-30 пайызы, осы алаяқтық қылмыстармен байланысты істер. Оның ішінде әрбір алаяқтықпен байланысты іс көбінесе бірнеше эпизодты құрайды, яғни бір қылмыстық істің ішінде жүзге дейін немесе одан да көп эпизодтар орын алуы мүмкін және әрбір эпизод – шын мәнінде өзінше бөлек бір қылмыстық іс, бүкіл эпизодты тек бір күдікті жасағандықтан, сотқа бір қылмыстық іс ретінде келіп түседі. Егер әр эпизодты бір қылмыстық іс ретінде санайтын болсақ, онда оның барлығы жиынтығында сот өндірісіне жыл бойы келіп түскен басқа қылмыс түрлері бойынша түскен істерден әлде қайда көп болар еді.

Бұл тұрғыда, қазіргі таңда алаяқтықпен байланысты қылмыстық істердің өте көп орын алып жатқанын көруге болады.

Енді осы қылмыспен байланысты жаза түрлеріне келетін болсақ, Қылмыстық кодекстің 190-бабының 1-3 бөліктерінде бас бостандығынан айыру жазасынан басқа да балама жаза түрлері көзделген. Осы баптың төртінші бөлігінде келтірілген залалдың мөлшері жоғары болуына байланысты тек бас бостандығынан айыру жазасы ғана көзделген.

**Өрнек АБЖАПАРОВ,
Павлодар қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы**

АЙМАҚ АҚПАРАТ

Экологиялық мәдениетті қалыптастырған дұрыс

Шымкент қаласында Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» жалпұлттық бағдарламасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жалғасуда. Бұл бағыттағы кездесулер, ағартушылық-танымдық шаралар мен экологиялық сабақтар қаладағы мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында ұйымдастырылып, жастардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етуде. Осы мақсатта бүгін Шымкент қаласындағы барлық мектептерде экологиялық сабақтар өткізілді. Солардың бірі қаладағы №24 ІТ мектеп-лицейінде «Таза қала» тақырыбында өткен ашық тәрбие сабағы болды. 9 «Б» сынып оқушылары қатысқан сабақ барысында қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызы кеңінен түсіндірілді.

**Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ**

Оралда жаңа өндірістік кешен салынады

Оралда қалдықтарды өңдейтін өндірістік кешен салынады. Облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің төрағалығымен инвестициялық штабтың кезекті отырысы өтті. Жиында қалдықтарды жою және қайта өңдеумен айналысатын «Эко-Запад» ЖШС-ның жоба-жоспары талқыланды. Аталған компания Орал қаласында жылына 40 мың тоннаға жуық қалдықты кәдеге жарататын өндірістік базаны салу бойынша жұмыстанып жатыр.

Инвестор өзіне тиесілі аумақты қоршап, Қытайдан қажетті жабдықтар жеткізуге тапсырыс берген. Жалпы құны 200 млн теңге болатын жоба өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу үлесін арттыруға бағытталған.

Компания директоры Ғалымбек Ташпенов жобаны жүзеге асыру кезінде туындаған түйткілді мәселелерді ортаға салды. Облыс әкімі инвесторларға тиісті қолдау көрсетілетінін айтып, уәкілетті мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берді.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі

Ауқымды жобаларға қолдау көрсетілуде

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Бурабай ауданын аралады. Сонымен қатар ол «Burabay Milk» ЖШС-нің сүт-тауар фермасының құрылыс барысымен танысты.

1 440 бас ірі қара малға арналған болашақ ферма аумағында құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Нысанды пайдалануға беру 2026 жылдың соңына дейін жоспарланған. Сондай-ақ Щучинск қаласында сүтті терең өңдейтін зауыттың құрылысы басталды, кәсіпорын да биыл өз жұмысын бастайды. Қазіргі уақытта «Burabay Milk» ЖШС зауытқа қажетті жабдықтарды сатып алу жұмыстарын жүргізуде.

«Мұндай ауқымды жобаларға қолдау көрсету қажет. Бұл нысан халық үшін 130 жұмыс орнын ашып, жыл сайын 800 млн теңгеден астам салық түсімін қамтамасыз етеді», – деді өңір басшысы.

**А. ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ**

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

ТАРАТУ

2. «TG Al-Farabi» ЖШС (БСН 230540013730) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй. Тел. +7 727 311 01 37.

3. «TG MED» ЖШС (БСН 230840040371) өзінің таратылатыны тура­лы хабарлайды. Шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қала­сы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй. Тел. +7 727 311 01 37.

4. «Argaman» ЖШС (БСН 160440023242) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайы бойынша қабылданады Алматы қаласы, Сериков көшесі, 47-үй, 15-пәтер. Тел. 8 705 569 38 65.

5. «Казмолмаш» ЖШС (БСН 080840002851) (Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қаратұғай көшесі) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қала­сы, Тұрар Рысқұлов көшесі, 89-үй. Тел. +7 776 246 60 22.

6. «ЮЖКАЗЭКОПРОЕКТ» ЖШС (БСН 060240004684) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарланды­ру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Шымкент қаласы, 17-шағынауданы, 7А үй, 72-пәтер мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 775 617 00 29.

7. «БАЙБОЛЬ» фирмасы ЖШС (БСН 980340003876) (Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Петр Чайковский көшесі, 6-үй, 6-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарланды­ру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Тұрар Рысқұлов көшесі, 89-үй. Тел. +7 776 246 60 22.

8. «Пана ЛТД» ЖШС (БСН 041240009199) (Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі, 57-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Тұрар Рысқұлов көшесі, 89-үй. Тел. +7 776 246 60 22.

9. «Наурыз» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 080640014372) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыз­дар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Тұрар Рысқұлов көшесі, 89-үй. Тел. +7 776 246 60 22.

10. «Almaty Build Innovations» ЖШС (БСН 240540017249) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жа­рияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қа­былданады: ҚР, Алматы қаласы, 050050, Наурызбай ауданы, Шұғыла ықшамауданы, 341/1 үй, 36-пәтер, 7-корпус. Тел. 8 778 789 08 84.

11. «Aspan Almaty Qala» ЖШС (БСН 231140003215) өзінің та­ратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жа­рияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Кентау қаласы, 160405, Мәншүк Мәметова көшесі, 8/2үй. Тел. 8 701 348 95 26.

13. «Masterbizz» ЖШС (БСН 180540013381) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 2-ықшамаудан, 8-үй, 8-кеңсе.

14. «Baglan Group 2025» ЖШС (БСН 250140018773) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Қазыбек би көшесі, №47 үй, тел. +7 778 464 7777.

17. «ПолимерАвто-Дистрибьютор» ЖШС (БСН 221240015306) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы ха­барландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Бәйтерек ауданы, Дарьинский ауыл­дық округі, Дарьинское ауылы, Гагарин көшесі, 28 б-үй.

20. «Арех Согр. (Апекс Корп.» ЖШС (БСН 150940024099) (ҚР, Самал-2 ықшамауданы, 58-үй, 23-пәтер) өзінің таратылатыны тура­лы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылда­нады: Алматы қаласы, Орбита-1 ықшамауданы, 3-үй, №32-пәтер, тел. +7 701 757 64 89.

21. «ПластМонтаж-ВВ» ЖШС (БСН 040340007639) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар­ландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекен­жайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұхар Жырау Бульвары, 27/5 үй, 567а ғимараты.

22. «ARTICOOL MEDIA» ЖШС (БСН 220440044952) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы ха­барландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Саниа көшесі, 30-ғимарат.

24. «Wooggy» ЖШС (БСН 210540003878) өзінің ерікті түрде та­ратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 167-үй.

29. «Новый Азиатский Портал» ЖШС (БСН 220440014326) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарланды­ру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050060, Бостандық ауданы, Тими­рязев көшесі, 42/15-үй, тел. +7 771 754 77 20.

30. «Торговый дом «Ырысты» ЖШС (БСН 070340001269) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жа­рия­ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабыл­данады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж.Аймауытов көшесі, 7-ғимарат. Тел. 8 701 528 62 15.

31. «I-Shahar» ЖШС (БСН 210740017528) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жа­рия­ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабыл­данады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 22-үй, 61-пәтер. Тел. +77759010039.

33. «Тұрсынбай Баған» ЖШС (БСН 181240000986) өзінің тара­тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөржар ауыл­дық округі, Қайнар ауылы, С.Айдағарев көшесі, 12-үй, индекс 160605.

34. «JES Group» ЖШС (БСН 171140023444) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жа­рия­ланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 15-шағынаудан, 37-үй, 34-пәтер. Тел. 87750008362.

35. «Байғанин ауданының ерікті өртке қарсы және авариялық-құтқа­ру құрылымы» КҚ (БСН 220940017210) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына байланыс Тел. арқылы қабылданады: 8-705-818-1067.

ӘРТҮРЛІ

12. Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 2 наурыздағы ұйғарымымен «Жап-барқұлов Ж.К.» ЖК-не, ЖСН 620803301548, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ақжүніс шағын-ауданы, 55-үй. Тел. 8 701 444 65 07.

16. ҚР СРИМ «Қазсушар» ШЖҚ РМК Қостанай филиалы өз тұты­нушыларына және өзге де мүдделі тұлғаларға 2025 жылдың қорытын­дысы бойынша тірек гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үсті ағынын реттеу жөніндегі қызметке кәсіпорынның қызметі туралы есеп бойынша тыңдау өткізу туралы ХАБАРЛАЙДЫ. Тыңдау 2026 ж. 16 сәуірде сағ. 11-00-де Қостанай қаласы, Ш. Ша­яхметов көшесі, 117-үй мекенжайында өтеді. Facebook және Instagram барлық мүдделі тұлғалар онлайн ре­жимінде тыңдауға қатыса алатынын хабарлаймыз: (https://www.facebook.com/kazvodhoz.kostanay/), (https:// instagram.com/kazvodhoz.kostanay?igshid=es44h16owtsn қоғамдық тыңдауға қатысу үшін жоға­рыда көрсетілген сілтемеге өту керек Facebook немесе «Instagram» kazvodhozkostanay іздеуге енгізу қажет.

25. «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы» АҚ Баскарма төраға­сының медициналық бөлім жөніндегі орынбасарының бос лауазымына конкурс жариялайды. Конкурс­тың өтетін орны: 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 440. Конкурс шарттары: оның қатысушыларына қойылатын талаптарды қоса алғанда, құжаттар тізбесі және конкурстың өтетін күні – balbulak.kz ресми сайтында орналастырылған. Анықтама телефоны: 8 (727) 271 62 24.

26. «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 26.03.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:
1-лот: Hyundai Solaris маркалы автокөлік, 2015 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,6 л, түсі – қызғылт сары, бастапқы бағасы – 4 065 777 теңге;
2-лот: Volkswagen Passat маркалы автокөлік, 2016 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,8 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 5 995 049 теңге;
Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында ор­наласқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201-кеңсе. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қала­сы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

32. «BELIMO Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 031040004981) жарғылық капиталының азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Жангелдин көшесі, 341А үй. Тел. 234 91 48.

36. Микроқаржы ұйымы «Mogo Kazakhstan (Mogo Казахстан)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 180940010094) атауының өзге­руі туралы хабарлайды: 2026 жылғы 5 наурыздан бастап Серіктестіктің атауы – «Микроқаржы ұйымы «Jet Finance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («МҚҰ «Jet Finance» ЖШС). «МҚҰ «Mogo Kazakhstan (Mogo Казахстан)» ЖШС-нің барлық мөрлері, сондай-ақ оның филиал­дарының мөрлері жарамсыз деп саналсын.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» га­зеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазыл­саңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолы­ңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлім­шелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

37. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген инвестициялық бағдарламаны және бекітілген тарифтік смета­ны орындау туралы 2025 жылғы жыл сайынғы есеп бойынша жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды: Табиғи монополия субъектісінің атауы: «Алматы жылу жүйесі» ЖШС. Реттелетін қызметтердің түрі: жылу энергиясын беру, бөлу және тарату. Табиғи монополия субъектісінің орналасқан жері: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221. Тыңдалымның өтетін күні мен орны: 2026 жылы 10 сәуір сағат 15:00. Жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша өткізіледі. Жария тыңдауларды өткізу форматы туралы қо­сымша ақпарат Кәсіпорынның www.alt.kz сайтында орналастырылады. Қатысу үшін тыңдаушылар тізімін қалыптастыруға алдын ала жазылудан өту қажет:
- мына телефон нөмірі бойынша: +7 (727) 341-07-00, ішкі 2201.
- мына электрондық мекенжай бойынша: a.nabieva@alts.kz. Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

МҰРАГЕРЛІК

18. 21.11.2025 жылы қайтыс болған Ерімбет Асылхан Ахмет­жанұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра ту­ралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

19. 16.09.2025 жылы қайтыс болған Әбдіхожаев Бейбіт Шегебай­ұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г. Д. Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С. Сейфуллин көшесі. Тел.: 8 702 819 64 73.

27. 14.12.2025 жылы қайтыс болған Қоғамұратов Әнуарбек Алиқұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келу­леріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

28. 15.12.2025 жылы Шарғынов Дүйсебай Омархановичтың ар­тынан қайтыс болуына байланысты, А.А.Жауқанова Алматы қаласы­ның нотариусында мұралық іс ашылды. Мұрагерлерге: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 85/75 үйде, 24-кеңседе орналасқан нотариуске хабарласуы қажет. Тел. 8 701 566 22 66.

ЖОҒАЛТУ

23. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Астана қаласындағы филиалының (БСН 240741029235) және Қазақстан Республикасы Президентінің жанын­дағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» ком­мерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе қаласындағы фили­алының (БСН 240741008936) жоғалған ережелерінің түпнұсқалары, жарамсыз деп танылсын.

15. Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қа­зақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облысының Нұра аудандық сотының судьясы Хасенова Анар Саматқызына анасы

Аманжан Абдрахманқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Тrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan.at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қа­бат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЕҢ ЖАҚСЫ ДӘРІ – ОПТИМИЗМ

Денсаулық – басты байлық. Халықтың денсаулығын жақсартып, елге көмек көрсетуде медицина мамандарына жүктелер жауаптылық зор. Раиса Күзденбаева осындай отандық медицинаның ілгерілеуіне елеулі үлес қосқан жанның бірі.



Раиса Салмағамбетқызы 1942 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. Ол еліміздегі алғашқы фармаколог әйел ғалымдардың бірі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі. Раиса Салмағамбетқызы өмірін ғылымға, медицинаға және адам денсаулығына арнады. 1965 жылы Ақтөбе медицина институтын үздік бітіріп, кейін Мәскеу қаласындағы Н.И. Пирогов атындағы мемлекеттік медициналық институтта фармаколог-дәрігер мамандығы бойынша аспирантураны аяқтады. Ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 1982 жылы медицина ғылымдарының докторы, 1983 жылы профессор ғылыми атағын алды. Оның еңбектері отандық және халықаралық ғылыми ортада жоғары бағаланды.

Ғалым – 28 патенттің, 11 оригиналды фитопрепараттың авторы. 1994 жылдан бастап Қазақстан аумағында өсетін дәрілік өсімдіктер негізінде жаңа дәрілік және профилакти-

калық препараттар жасау бағытында жүйелі зерттеулер жүргізді. Осы жылдар ішінде 41 ғылым кандидатын, 6 ғылым докторын даярлап, 7 монография мен 500-ден астам ғылыми еңбек жариялады.

Раиса Салмағамбетқызы ғылыми теориямен ғана шектелмей, халыққа қолжетімді, күнделікті тұрмыста қолдануға болатын дәрілік өнімдер әзірледі. Оның авторлығымен жасалған «Қызыл май», «Шүкір май», «Солодка майы», «Қалақай майы», «Ошаған тамырының майы» сынды фитопрепараттар бүгінде көптеген отбасында кеңінен қолданылып келеді. Барлық өнімдер патенттеліп, ресми түрде дәрілік зат ретінде тіркелген.

Әріптестері мен шәкірттері Раиса Күзденбаеваны терең білімді ғалым ғана емес, мәдениеті жоғары, қарапайым, ашық мінезді, оптимист әрі харизмалық тұлға ретінде сипаттайды. Ол 80 жасында да ел аралап, дәріс оқып, жас буынға мотивация беріп келеді.

Ерен еңбегі үшін Раиса Салмағамбетқызы КСРО-ның «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерімен, «Шапағат», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Ломоносов және Гиппократ ордендерімен, сондай-ақ Қазақстанның ғылым саласындағы Мемлекеттік сыйлығымен марапатталған.

Ғалымның өміріндегі негізгі тірегі – отбасы. Жұбайы, профессор Сағидулла Имамбаевпен 55 жыл тату-тәтті ғұмыр кешіп, екі ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде немере мен шөбере сүйіп отырған ардақты әже. «Ең бастысы – өмірден қалмау, өз ісінді жалғастыру, жастармен бірге болу. Ең жақсы дәрі – оптимизм», – дейді ғалым.

Раиса Күзденбаеваның ғылым мен медицина саласындағы еңбегін насихаттау мақсатында «Анаға құрмет» музейінде арнайы бұрыш жасакталған. Бұл бұрышта ғалымның өмір жолын бейнелейтін фотосуреттер, ғылыми жетістіктерін айғақтайтын құжаттар, шәкірттері дайындаған ғылыми-тәлімдік «древо», авторлық фитопрепараттардан құралған майлар топтамасы, сондай-ақ ғалымның жеке жәдігерлері қойылған. Аталған бұрыш келушілерге отандық ғылымның дамуына үлес қосқан аналардың бейнесін танытып, жас ұрпақты еңбекорлыққа, ғылымға адал қызмет етуге тәрбиелеуге бағытталған.

Раиса Күзденбаева – ғылымға, білімге және халқына адал қызмет еткен, Қазақстанның медицина саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ерекше тұлға.

Балгүл ПЛЕУБЕРГЕН,
«Анаға құрмет» музейінің
экскурсия жетекшісі

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 30 ЖЫЛ

АҒА БУЫН МЕН ЖАС СУДЬЯЛАР АРАСЫН ЖАЛҒАЙТЫН АЛТЫН КӨПІР

Қазақстандық соттың жеткен жетістіктері көп. Бүгінде сот жұмысы бір ізге түсіп, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесін айқындауға қатысты атқарылған шаралар өзінің жемісін беріп келеді. Еліміздегі үшінші билік саналатын сот төрелігінің сапалы атқарылып, сотқа деген сенімнің нығаюына мемлекет тарапынан жасалған қолдау мен қамқорлықтың ықпалы зор. Сонымен бірге, қуатты құрылымның әділдіктің жаршысына, халықтың тірегіне айналуына Судьялар одағының да көмегі аз емес.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылғанына биыл 30 жыл толып отыр. Осы отыз жыл ішінде қоғамдық бірлестік өзіне жүктелген міндетті жауапты орындап, судьялардың шынайы қамқоршысына айнала білді. Судьялар одағының бастамасымен қолға алынған маңызды істер баршылық. Мұны 1996 жылдан бері әрбір төрт жыл сайын өткізіліп келе жатқан республика судьяларының съездерінен байқауға болады.

Әр съезд – келелі ойлар мен керемет бастамалардың мінбері. Осы съездер отыз жылдан бері еліміздің түкпір-түкпіріндегі судьялардың басын бір ортада жинап, сот қауымдастығына қатысты өзекті мәселелерді бірігіп талқылауға, түйткілдерді кеңесе отырып шешуге мүмкіндік берді. Съезд тарихын парактағанда мінберде айтылған ұсыныс, пікірлердің аяқсыз қалмағанына көз жеткізе түсеміз.

Елімізде алқабилер сотының төрелікке араласуы, «Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілуі, сот сатыларының онтайландырылып, мамандандырылған соттардың қолға алынуы – осы съездерде көтерілген мәселелердің бір парасы ғана.

Одақ жыл сайын өтетін спартакиаданың да басты ұйымдастырушысы. Мұндай спорттық шараның тұрақты қолға алынуы ұжымдар арасындағы командалық бірлікті күшейтуге, ұйымшылықты нығайтуға септігін тигізуде. Спартакиада судьяларды спортпен ұдайы айналысуға үндеп отыр. Жүктемесі көп қазылардың бір сәт те болса өз денсаулығына көңіл бөліп, салауатты өмір салтын ұстануы орынды. Судьялардың спортқа деген қызығушылығын көрген азаматтардың да өз жұмыс режимін өзгертіп, бұқаралық спортқа басымдық бергеніне куә болып келеміз.

Судьялар одағы сот тақырыбын сауатты жазатын журналистер шоғырын қалыптастырып, осы саланың жаңалықтарын көпшілікке сындарлы жеткізуге жол ашатын түрлі байқауларды да тұрақты ұйымдастырып отырады. Соның арқасында елімізде құқықтық журналистика дамып, сот процестерінен сауатты репортаж жасайтын журналистер қатары өсуде.

Судьялар одағы аға буын мен бүгінгі жас судьялардың арасын жалғап келе жатқан алтын көпір. Одақтың мақсаты доғарыстағы ардагер судьялармен тығыз байланыс орнатып қоймай, өмірден көргені мен түйгені көп әріптестерді сот жұмысын жандандыру, жас судьялардың біліктілігін арттыру жұмысына тарту болып табылады. Бұл іс-шаралар да жылдар бойы өзінің оң нәтижесін берді. Міне, осындай ілкімді істердің басы-қасында тұрған Судьялар одағы алдағы уақытта да судьялардың қорғаны болып, сот жұмысының ілгерілеуіне серпін берері анық.

А.ТИЛЕПОВА,
Жетісу аудандық №2 сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КІМЕ

Тілсіз ұлт жоқ. Ана тіліміздің беделін биіктету ең алдымен отбасындағы тәрбиеден, құрметтен басталуы керек. Балалар ана тілінде сөйлеуі үшін анасы сол тілді жетік білуі, бесік жырын қазақша айтып, ұл-қызының қазақша білім алуына мүдделі болуы тиіс. Ата-анасы өзге тілде ойлап, өзге тілде сөйлеген баланың мемлекеттік тілді меңгеруі қиын.

ТІЛ МЕРЕЙІ - ЕЛ МЕРЕЙІ



Қоғамның қазақ тіліне деген құрметін қалыптастыру маңызды. Тек мемлекеттік мекемелер ғана емес, еліміздің бар өңіріндегі қала, аудан, ауыл атаулары қазақшаланып, ғимараттардағы жазулар алдымен қазақ тілінде тұруы керек. Құзырлы органдардан бөлек, азаматтар көп жүретін сауда, демалыс аймақтарының барлығында қазақша күйлеп, қазақ тіліндегі әндер шырқалғаны орынды. Сонда қазақ қаріптері мен сөздерін күнделікті көріп, жүрген жерінде қазақы ән-жырды тыңдаған азаматтардың мемлекеттік тілді үйренуі жеңіл болады.

Әр сала мемлекеттік тілде қызмет көрсетуге, құжаттарын мемлекеттік тілде сауатты дайындауға дағдылануы керек. Бұл бағытта еліміздің сот саласы ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Мәселен сот судьялары мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуі басты талаптың бірі. Сотқа келген азаматтарға міндетті түрде мемлекеттік тілде қызмет көрсетіледі. Отандық соттағы кіріс-шығыс құжаттары толықтай мемлекеттік тілде дайындалады.

Әрине, сот өндірісіне түскен талап-арыздар бен материалдардың, сураныстардың тілін өзгерту мүмкін емес. Заң талабына сай қазақстандық соттар арыз қай тілде берілсе, істі сол тілде қарауға міндетті. Алайда, бұл мәселені шешу бағытында да қолға алынған шаралар аз емес. Мәселен әр өңірдегі соттар мемлекеттік орган өкілдерін, адвокат, заңгер, банк, қаржы ұйымдары өкілдерінің басын қосып, талап арыздар мен материалдарды мемлекеттік тілде жолдау қажеттігін үнемі назарға салып келеді. Сонымен бірге құзырлы органдарға жеңіл болуы үшін арыз шағымдардың мемлекеттік тілдегі үлгісін жасауға көмектесіп, заң терминдерін қазақша-лауға да белсенді атсалысуда.

Судьялар мен сот қызметкерлері мемлекеттік тілге қатысты өзекті мәселелерді сараптап бұқаралық ақпарат құралдарында ашық талқылаудан да шет қалып көрген емес. Осындай мақала, сұхбаттар арқылы қоғамға ой салу, мемлекеттік тілдің айналасына көпшілікті топтастыру мақсат етіліп отыр. Бұдан бөлек, сот жұмыстарында тәлімгерлік мектептің жоғары дамығанын айта кеткен абзал. Алдыңғы буын ардагерлер жас су-

дьялар мен мамандарға қазақ тілінде құжаттарды сауатты рәсімдеуге жол көрсетіп, өз ақыл-кеңесін үнемі беріп келеді. Мемлекеттік тілдің маңызын түсіндіру, азаматтардың тілге деген оң көзқарасын орнықтыру бағытындағы жұмыстар бір сәт те тоқтамауы және оның заңдық механизмдері үнемі көпшілікке жеткізіліп тұруы керек. Мысалы, Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі» деп бекітілген. Одан бөлек, Азаматтық процесстік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп анық көрсетілген. Тек қажеттілік, мәжбүрлік болған кезде ғана орыс тілі қазақ тілімен қатар қолданылады. Заңның осы талабын дұрыс түсініп, тәжірибеде дұрыс қолдану өте маңызды.

Сот тілі толықтай қазақша болып, мемлекеттік тілді еркін қолданатындар қатары өсуі үшін алдағы уақытта ескерер мәселе аз емес. Ең алдымен елімізде заңдар қазақ тілінде әзірленуі тиіс. Аударма заңдар қарапайым азаматтардың ғана емес, судьялардың да жұмысын қиындатады. Екіншіден, заңгер, адвокаттардың шағымды мемлекеттік тілде жазуы маңызды. Оны әрине азаматтар талап еткені дұрыс. Халық қаласа, адвокаттар да тез арада қазақша үйренер еді. Үшіншіден, мемлекеттік органдардың сотқа талап қою арызын мемлекеттік тілде беруін міндеттеу керек. Мемлекеттік тілді білмейтін маманға мемлекеттік органдарда орын жоқ.

Алаш зиялысы Халел Досмұхамедов: «Ана тілін біліп тұрып, жат тілде жақсы сөйлесен, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, жат тілде жақсы сөйлесен, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате» деген екен. Сондықтан елдік мүддеге, ұлт болашағына қатер төндіретін қатені қайталамағанымыз абзал.

Қарлығаш АБДРАИМОВА,
Жетісу облысы бойынша сот
әкімшілігі департаментінің
құжат айналымы бөлімі басшысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6565 дана
Апталық таралым 13130 дана
Тапсырыс №937 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31